

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттары туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1197 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 25 қаңтарда Мәскеу қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттары туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттары туралы  
КЕЛІСІМ**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, бұдан әрі - Тараптар, Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы сауда байланыстарын жандандыру қажеттігін ескере отырып, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің экономикалық интеграциясын дамыту мақсатында,

Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісім мен оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1999 жылғы 2 сәуірдегі Хаттаманы іске асыру бағытында іс-қимыл жасай отырып,

өз мемлекеттері халқының тіршілік деңгейін ұдайы арттыруға ұмтыла отырып, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің тұтынушылардың құқықтарын сапасыз тауарлардан, жұмыстардан, қызмет көрсетулерден қорғауды қамтамасыз етудегі өзара ықпалдастығының маңыздылығын түсіне отырып,

тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктер қызметінің маңыздылығын назарға ала отырып,

халықаралық құқықтың қолданылып жүрген нормаларын, атап айтқанда, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 9 сәуірдегі "Тұтынушылар мүдделерін қорғауға арналған басшылық қағидаттары" туралы Қарарын мойындай және ескере отырып, тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы келісілген саясатты жүргізу

мақсатында  
мыналар туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай айқындамалар қолданылады:  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ұлттық заң - тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекетте қолданылып жүрген және қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы;

тұтынушы - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, тек жеке (тұрмыстық) мұқтаждықтарына арналған тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) тапсырыс беруге немесе сатып алуға ниеті бар тапсырыс беруші, сатып алушы немесе пайдаланушы азамат;

жасаушы - тұтынушыларға, меншік нысанына қарамастан, өткізу үшін тауарлар өндіретін ұйым, сондай-ақ жеке кәсіпкер;

атқарушы - тұтынушыларға, меншік нысанына қарамастан, қызмет көрсететін немесе жұмыстар орындайтын ұйым, сондай-ақ жеке кәсіпкер;

сатушы - тұтынушыларға, меншік нысанына қарамастан тауарларды сату-сатып алу шарты бойынша өткізетін ұйым, сондай-ақ жеке кәсіпкер;

теріс пиғылды шаруашылық жүргізуші субъектілер - өз қызметінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы зиянды, іскерлік айналым салттарын бұзушылықтарға жол берген, егер бұл тәртіп бұзушылықтар тұтынушы азаматтарға және/немесе қоршаған ортаға мүліктік немесе мүліктік емес нұқсан келтірсе немесе келтіруі мүмкін болса сатушылар, жасаушылар, атқарушылар;

тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері - тұтынушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында құрылған осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңдарына сәйкес тіркелген азаматтар мен/немесе заңды тұлғалардың коммерциялық емес бірлестіктері (ұйымдары), сондай-ақ осы Келісімге қатысушы барлық немесе бірнеше мемлекеттердің аумақтарында қолданылып жүрген халықаралық үкіметтік емес ұйымдар.

## 2-бап

Осы Келісімнің мақсаты осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарында қолданылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің теріс пиғылды қызметінен Достастыққа қатысушы мемлекеттер азаматтарының мүдделерін қорғау жөнінде олар үшін бірдей жағдайларды қалыптастыруға бағытталған, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы келісілген саясатты жүргізу жөніндегі Тараптардың ынтымақтастығының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін құру болып табылады.

### 3-бап

Тұтынушылардың құқықтары мен оларды қорғау тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ұлттық заңмен, сондай-ақ осы Келісіммен кепілдендіріледі.

ТМД әрбір қатысушы мемлекетінің азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын өзге тұлғалар Достастыққа қатысушы басқа мемлекеттердің аумақтарында өздерінің тұтынушылық құқықтарына қатысты сол мемлекеттердің азаматтары сияқты құқықтық қорғауды пайдаланады, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға, басқа ұйымдарға жүгінуге, соттарға талап-арыз беруге және сол мемлекеттердің азаматтары сияқты, өзге де іс жүргізу іс-қимылдарын жүзеге асыруға құқылы.

### 4-бап

Тараптар тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ынтымақтастықты тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ұлттық заңды, осы саладағы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларын ескере отырып, мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

тұтынушыларды, мемлекеттік органдарды және тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер), жасаушылар (сатушылар, атқарушылар) туралы жедел және анық ақпаратпен қамтамасыз ету;

теріс пиғылды шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің және сапасыз тауарлардың (қызмет көрсетулердің) осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарына түсуін болдырмау жөнінде шаралар қолдану;

тұтынушы үшін оң пиғылды бәсекелестікті дамыту арқылы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) еркін таңдалуына мүмкіндік беретін жағдайлар ж а с а у ;

мемлекеттердің жалпы білім беретін жүйелерінде азаматтарды оқытудың ажырамас бөлігі ретінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында ағарту бағдарламасын ж ү з е г е а с ы р у ;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін насихаттау мен жүйелі түрде жария етуге бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде радио мен теледидарды тарту ;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңдарын осы Келісімді жүзеге асыру қалай қажет болса, солай жақындату арқылы жүзеге асырады.

### 5-бап

Тараптар тұтынушылардың тәуелсіз қоғамдық бірлестіктерінің қызметі үшін жағдайлар жасауға, оның ішінде олардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы саясатты қалыптастыруға тұтынушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерін және тұтынушылардың шағымдарын қарау рәсімдерін әзірлеуге, сондай-ақ Тараптар арасында тұтынушылық ақпарат алмасу жүйелерін құруға қатысуына жәрдемдеседі.

## **6-бап**

Осы Келісімді іске асыруды өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында белгіленген құзырет шегінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті ұлттық органдары жүзеге асырады.

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі бірлескен қызметті үйлестіру мақсатында Тараптар ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тұтынушыларының құқықтарын қорғау жөнінде консультативтік кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрады.

Кеңестің мәртебесі және оның міндеттері осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын ТМД-ға қатысушы мемлекеттер тұтынушыларының құқықтарын қорғау жөніндегі консультативтік кеңес туралы ережеде белгіленеді (қоса беріледі).

Кеңес осы Келісімді іске асыру үдерісінде тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасасады.

Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері өздерінің жарғыларына және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес осы Келісімді іске асыруға қатыса алады.

**Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.21 № 818 Қаулысымен.**

## **7-бап**

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылданған құқықтар мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

## **8-бап**

Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді, ал оның күшіне енуіне қажетті мемлекет ішіндегі рәсімдерді орындауды талап ететін заңдары бар мемлекеттер үшін тиісті құжаттарды депозитарийге сақтауға өткізген күннен бастап күшіне енеді.

## **9-бап**

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 10-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың кеңестері мен келіссөздері арқылы шешіледі.

## 11-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап, бес жыл бойы қолданылады. Бұл мерзім аяқталғанда, Тараптар өзге шешім қабылдамаса, осы Келісім үнемі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

## 12-бап

Әр Тарап осы Келісімнен шығу күнінен алты ай бұрын депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, шыға алады.

## 13-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін, депозитарийге мұндай қосылу туралы құжаттарды беру арқылы қосылуы үшін ашық.

2000 жылдың 25 қаңтарында Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа дана болып жасалды. Түпнұсқа дана осы Шартқа қол қойған әрбір мемлекетке расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақтаулы.

Әзірбайжан Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Молдова Республикасының
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының
Г р у з и я Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Т ү р і к м е н с т а н
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының
Қырғызстан Республикасының Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Украина

Осы арқылы қоса беріліп отырған мәтін 2000 жылғы 25 қаңтарда Мәскеу қаласында болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары Кеңесінің

отырысында қабылданған Келісілген монополияға қарсы саясат жүргізу туралы шарттың ұқсас көшірмесі болып табылатынына сендіремін.

Жоғарыда аталған Шарттың түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақтаулы.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
Атқарушы комитеті төрағасының  
Атқарушы хатшысының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК